

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П.,
Кәрібозов Е.

Шешен сөз бен көсем сөз

Мақалада шешендік өнердің мақсаты, міндеті, амалдары мен құралдары, өзіндік ерекшеліктері басқа өнердің түрлерімен салыстырыла, салғастырыла зерттеледі. Аталмыш өнер туралы теориялық маңызы бар қағидалардың түп-төркіні Лұқман хакім, Ақиқар, Сократ хакім, Анахарсис замандарына барып тірелетіні, оның сонау хандық кезең мен Абай заманынан қазіргі дәуірге дейін алтын арқауы үзілмей жалғасын тауып келе жатқаны ғылыми деректермен зерделенді. Сонымен қатар шешендік өнердің адамгершілік туралы қағидалармен астасып жататыны түрлі мысалдармен дәлелденіп, шешендік өнердің қоғамдық-танымдық қызметі, шешендік сөздердің туындау себептері, шешен шешімінің түпкі себептері мен салдары талданады, әрбір ой Фараби, Абай, т.б. ғұламалардың пікірлерімен түйінделіп отырады.

Түйін сөздер: шешендік өнер, поэтика, теория, риторика, әдіс, философия, этнология, логика, билік, стиль.

Dadebay J., Beisembaev P.,
Karbozov E.

Genre and oratorical eloquence

In article the comparative and comparative method investigates the purpose, tasks, structure, function and specific features of oratorical skill and other art forms. There are conducted the important provisions in the theoretical plan since the time of the wisdom Lukpan, Akikar, wise Socrates and Anakhsarsis and also – since an era of Abay and up to now, continuous scientific researches about eloquence art. The humanistic principles which are the cornerstone of oratory are confirmed by various examples. In research we rely on opinions of outstanding persons, such as al-Farabi and Abay to show the importance of oratory, its informative function, conditions under which works are created an oratorical skill.

Key words: oratorical eloquence, poetics, theory, rhetoric, method, philosophy, ethnology, logic, power and style.

Дәдебаев Ж., Бисенбаев П.,
Кәрібозов Е.

Жанр и ораторское красноречие

В статье в сравнительно-сопоставительном плане исследуются цель, задачи, структура, функция и специфические особенности ораторского мастерства и других видов искусства. Со времен мудреца Лукпана, Акикара, мудрого Сократа и Анахарсиса, оставивших важные в теоретическом плане теории, концепции, положения об ораторском искусстве, а также – с эпохи Абая и до наших дней, ведутся непрерывные научные исследования о нем. Гуманистические принципы, лежащие в основе ораторского искусства, подтверждаются различными примерами. В исследовании общественной значимости ораторского искусства, ее познавательной функции, при которых создаются произведения ораторского мастерства, мы опираемся на мнения таких выдающихся личностей, как аль-Фараби и Абай.

Ключевые слова: ораторское красноречие, поэтика, теория, риторика, метод, философия, этнология, логика, власть, стиль.

ШЕШЕН СӨЗ БЕН КӨСЕМ СӨЗ

Шешендік өнер – сендіру, иландыру өнері (Аристотель). Шешендік өнер – сендіру, құлақ құрышын қандыру, баурап алу өнері (М.Т. Цицерон). Шешендік өнер – силлогистикалық өнер, оның мақсаты – сендіру (әл-Фараби). Шешендік өнер туралы әр дәуірде айтылған осы пікірлердің бәрі де дұрыс. Бәрінің де теориялық мәні терең. Сөйте тұра шешендік өнердің осы аталған қасиеттері бір-бірімен тығыз байланысты, өзара сабақтас. Егерде шешендік өнер жұртты өз дегеніне иландырмаса, сендірмесе, онда оның шешендік өнер болмағаны. Егер шешеннің сөзі жұрттың құлақ құрышын, мейірін қандырмаса, ойын балқытпаса, көңілін толқытпаса, онда оны өнер деп тануға негіз жоқ. Осы талап, белгілі дәрежеде, көсем сөзге де қойылады. Көсем сөз дегеніміздің өзі, біздің ойымызша, шешендік өнердің бүгінгі күнгі бір үлгісі болып табылады. Сондықтан шешендік өнер дегенде, ойымызда шешендік өнердің дәстүрлі үлгілерімен қатар көсем сөз туралы түсінік те тұрады.

Белгілі бір жайдың дұрыстығын не бұрыстығын дәлелдеу, жұртты соған иландыру, сендіру шешендік сөз бен көсем сөзде ғана емес, ғылымда да бар. Шешендік өнердің жұртты өз дегеніне иландыруы мен сендіруі ешқандай ғылым саласының иландыруы мен сендіруіне ұқсамайды. Ғылым саласы өзінің аясынан тыс нәрселер мен құбылыстарды қарастыра алмайды. Басқа өнер түрлерінің ешқайсысы жұртты өз дегеніне сендіруді, иландыруды көздемейді. Шешендік өнердің белгілі бір жайдың дұрыстығын дәлелдеуінің, жұртты соған иландыруы мен сендіруінің тек қана өзіне тән аясы, амалдары, құралдары болады. Сондықтан шешендік өнер теориясының пәні де ерекше. Ол ешбір өнер түрінің, ешбір ғылым саласының зерттеу пәніне ұқсамайды.

Өнер алуан түрлі. Әр өнердің өзіне тән пәні, мақсаты, амалдары мен құралдары, тектері мен түрлері, соған сай мүмкіншіліктері болады. Шешендік өнердің де өзіне тән пәні мен мақсаты, амалдары мен құралдары, тектері мен түрлері, құралдары, ерекшеліктері бар. Шешендік өнер теориясында бұл салалардың әрқайсысы арнайы қарастырылады.

«Өнер алды – қызыл тіл», – дейді халық. Бұл – өте ерте дәуірлерде туып, бүгінгі күнге дейін мәнін жоймай, мағынасын жоғалтпай келе жатқан даналық сөз. «Қызыл тіл» ұғымының

шығу тегін халықтың әдет заңының қоғамдық-әлеуметтік қызметімен байланысты іздеген дұрыс. «Қызыл тіл» ұғымы кәдімгі тілдің түр-түсін білдірмейді. Ол өлең сөзге де тікелей қатысты емес.

Қызыл тіл деп тыңдаушы жұрттың жүрегін тербеп, ойын толқытып, бойын балқытып, мейірін қандыратын, сөйтіп өз дегеніне иландырып, айтқанына көндіретін тілді айтамыз. Ал тыңдаушысының жүрегін тербеп, ойын толқытып, бойын балқытып, мейірін қандыру, сөйтіп өз дегеніне көндіру – шешендік өнердің қызметі. Айтылған жайлардың негізінде мынадай пікір түюге болады: шешендік өнер дегеніміз – тыңдаушы жұрттың жүрегін тербеп, ойын толқытып, бойын балқытып келіп, мейірін қандыру, сөйтіп дегеніне иландырып, айтқанына көндіру өнері. Осы пікірді негізге алғанда, «қызыл тіл» дегеніміз шешендік өнер дегеніміз болып шығады.

Шешендік өнер қазақтың дәстүрлі танымында өнер біткеннің алды болып есептелген. Халықтың ілкіден келе жатқан: «өнер алды – қызыл тіл», – деген даналық сөзін осы тұрғыда қабылдау керек. Халықтың дәстүрлі қоғамында биік бағаланған өнер түрлері қатарында ән өнері, күй өнері, би өнері, сөз өнері, сондай-ақ қол өнері түрлері кең таралғаны белгілі. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән құралдары, амалдары бар. Шешендік өнер құралы жағынан сөз өнерімен тектес. Мақсаты, амалы жағынан шешендік өнердің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Сонымен қатар шешендік өнер – ғылым мен өнер салаларының бәрімен де сабақтасып, салаласып жатқан өнер түрі.

Тіл білімі, сөз өнері туралы ғылым салаларының зерттеу пәні нақты: тілдік қызмет нәтижелері. Шешендік өнерді зерттеудің пәні де осындай. Бірақ шешендік өнерді зерттеуде едәуір өзгешелік бар. Шешендік өнерді зерттеу жұмысы шешеннің нені, қашан, қайда және қалай айтатынын (сөйлетінін) анықтауға, саралап, сараптауға бағытталады. Соған орай шешендік өнер туралы ғылымда шешеннің нені, қашан, қайда және қалай сөйлейтіні қарастырылады деп білу керек. Солай бола тұра шешендік өнер туралы ғылымда өткен дәуірлерде өмір сүрген шешендердің сөйлеген сөздері де зерттелетінінде сөз жоқ. Сондықтан шешеннің нені, қашан, қайда және қалай сөйлегенін зерттеу шешендік өнердің теориясын толық тануға мүмкіншілік береді. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері шешеннің нені, қашан, қайда және қалай сөйлеуі керектігін тану мен таныту үшін аса маңызды. Солай дегенімізбен де шешендік өнер туралы жоғарыда

берілген анықтамаға қайта оралудың артықшылығы жоқ: шешендік өнер дегеніміз – шешеннің тыңдаушы жұрттың жүрегін тербеп, ойын толқытып, бойын балқытып келіп, мейірін қандыру, сөйтіп дегеніне иландырып, айтқанына көндіру өнері. Осы анықтама негізінде шешендік өнер туралы ғылымның зерттеу пәні жайындағы түсінікті мынадай үлгіде жинақтап айтуға тура келеді: шешендік өнер туралы ғылым шешеннің тыңдаушы жұрттың жүрегін тербеп, ойын толқытып, бойын балқытып келіп, мейірін қандыру, сөйтіп дегеніне иландырып, айтқанына көндіру өнерін зерттейді.

Шешендік өнер туралы теориялық қағидалардың, түсініктердің, пікірлердің қалыптасуы мен дамуының бай тарихы бар. Лұқман хакім, Ақиқар, Сократ хакім, Анахарсис замандарының өзінде шешендік өнер жайында теориялық маңызы үлкен ойлар, қисындар, қағидалар қалыптасты.

Платон шешендік өнер саласындағы Горгийдің ұстанымдарына Сократтың аузымен сын айтады. Горгий мен оның ізбасарларының түсінігінше, шешендік өнерге үйрену билік пен байлыққа жеткізеді, билік пен байлық бақытқа жеткізеді. Мұның жарқын үлгісі ретінде Архелайдың Македония патшасының заңды мұрагерлері мен өзінің туысқандарын өлтіріп, патша тағына өзі отырған ісі мадақталады. Горгий мен оның ізбасарлары Архелайды дүниедегі бақытты адам деп санайды. Бұл орайда шешендік өнер биік билік пен мол байлыққа жетудің, сол арқылы бақытқа жетудің құралы ретінде бағаланады. Платон, керісінше, Архелай биік билік пен мол байлыққа шешендік өнер арқылы жетсе де, оны әділетсіздік жасаған, бақытсыз адам деп біледі. Бай болуды, билік тізгінін ұстауды немесе, жалпы, күшті болуды мақсат еткен адам сол мақсатына жақындай түскен сайын әділеттіліктен алыстай береді, ол бай болуға, қалайда пайда табуға, билік тізгінін ұстауға жан салып ұмтылмаған немесе, жалпы, елден асқан күшті болуды мақсат етпеген адамдарға қиянат жасауға бейім тұрады. Адам алдына қойған ізгі мақсатына лайықты және адал болмайынша, істеген істің бәрі бос [1, 353, 357]. Осы ретте біздің жыл санауымызға дейін (372-289) жасаған қытай данышпандарының бірі Мэн-цзы айтқан мына бір даналық сөзді еске алудың артықшылығы жоқ:

Мэн-цзы Лян князі Хуй' дегенге келеді.

Князь оған: «Сіз бізге сонша алыс жерден келдіңіз, соған қарағанда біздің мемлекетіміз үшін пайда әкелетін бірдене айтарсыз», – дейді.

Мэн-цзы оған мынадай жауап береді:

«Князь! Неліктен пайда туралы айту керек. Мен тек қана адамгершілік пен әділеттілік жайында айтпақпын.

Сіз, князь, өзіңіздің мемлекетіңізге қандай да бір пайда әкелу туралы айтасыз. Уәзірлеріңіздің әрқайсысы өз үйі үшін қандай пайда тапсам екен дейді. Олардан кейінгі дәрежедегі қызметшілер мен қара бұқара өзі басы үшін қандай пайда тапсам екен деп жүреді. Мұндай жағдайда жоғарғылар мен төменгілер арасында пайда үшін бітіспес күрес жүреді, мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнеді... Егерде пайда алға шығып, әділеттілік пен адамшылық кейінге ысырылатын болса, бұл күрес толастамайды [2, 1].

Адамшылығы бар кісі өзінің ата-анасын да лага тастамайды. Адамшылық парызын терең сезінген кісі өзінің патшасын сыртқа теппейді.

Князь, Сізге де тек қана адамшылық пен әділеттілік туралы сөйлеуге тура келеді. Пайда ойлау неге керек?» [2, 2]

Мән-цзының сөзінде терең мән бар. Ар ойламай, пайда ойлаған жағдайда адамның ісінде, шешеннің сөзінде адамшылық пен әділеттілікке орын қалмайды. Ар ойламай, пайда ойлаудың зарары мен зардабын Сократ пен Платон, қазақ топырағында Лұқман хакім, Анахарсис, беріде әл-Фараби мен Абай айтудай-ақ айтқан. Түрлі дәуірдің түрлі данышпандардың ілімінде шешендік өнердің кемелдік негізі шешеннің адамшылық негізінің беріктігімен байланысты түсіндіріледі. Шешендік өнердің игілігі оның адамгершілік мазмұнымен таразыланады. Бұл ретте шешендік өнердің өзегіндегі ахлақ (этика) өлшемдерінің негізі шешен өнеріндегі шеберлік өрнектерінен (әдіс, тәсіл, амал қолданудағы шеберліктен) жоғары қойылады. Шешендік өнердің адамгершілік негізі туралы Платонның Горгий мен оның ізбасарларының ұстанымдарына қарсы тұжырымдаған қағидасының қысқаша мазмұны мынадай болып келеді: «Сөйтіп маған сен де, көздеген мақсатқа қарай артымнан ілесіп жүр. Оған жетсең, бұ дүниеде де, о дүниеде де бақытты боласың. Өзгелер сені менсінбесе де, ақымақ көрсе де, қорласа да, тіпті ұрып-соқса да, шыдамды бол – қорлыққа да, зорлыққа да төз: егер жақсылыққа берік және шын мәнінде ізгі адам болсаң, ешқандай жаманшылыққа ұшырамайсың. Ізгілік жолында жеткілікті жетілген болсақ, тек сонда ғана, егер қажет деп тапсақ, мемлекеттік іспен айналысамыз немесе белгілі бір іске қатысты ақыл-кеңес береміз. Сонда біз қазіргіден жақсы кеңесші боламыз. Ал өзіміздің, тіпті ең бір маңызды деген нәрселер жайындағы пікірлеріміздің өзін ұдайы өзгерте беретін

қазіргі қалпымызбен балаша мақтануымыз, марадымысымыз ұят. Міне, қандай надандыққа дейін жеткенбіз!» [1, 374].

Ізгілік жолында жетіліп болмаған адамның мемлекеттік қызметке тұруы, шешендік өнермен айналысуы, шешендік өнерді кәсіп етуі оның өзінің жеке басы үшін пайдалы, табысты болғанмен, қоғамның, мемлекеттің адамгершілік негізі үшін, әділеттілік үшін зиянды, зарарлы. Сондықтан шешендік өнердің қоғамдық мәні шешеннің сөзге жүйріктігінде, амалшылдығында, тәсілқойлығында емес, адамгершілік негізінде жатады.

Адамдардың белгілі бір құбылыс туралы пікірлерін ағымдағы жағдайдың өзгеруіне байланысты құбылтып отыруы олардың қалыптасқан азаматтық көзқарасының, адамшылық қалыптарының жоқтығын, болса тұрақсыздығын білдіреді. Адамгершілік қалыбы жоқ адам – арсыз хәм жабайы, өзінің нәпсісі мен құлқынынына құл болған адам. Бір жолы бір пікірді айтып, екінші жолы оған қарсы пікірді айту – пайда ойлаған шешеннің ісі, ар ойлаған шешеннің ісі емес.

Платонның пайымдауынша, тіршілікте адамды ең ауыр және ең сұрапыл сұмдықтар жасауға итермелейтін – билік. Бұрынғы тирандар мен патшалардың, билеушілер мен әмірлердің Аид апанында жазаларын мәңгілік өтеуде жатуы сондықтан. «Мұның айғағы – Гомердің өзі. Оның суреттеуінше, патшалар мен әмірлер Аид апанында мәңгі жаза тартуда: Тантал да, Сисиф те, Титий де сонда» [1, 371-372].

Ортасының әділеттілігі мен адалдығына көңілі толмаған Сократ Калликлға мынадай сөз айтады: «Калликл, егер мен біздің қаламызда кезкелген адамның қандай бәлеге де ұшырауы мүмкін екендігіне күдіктенсем, онда менің шын мәнінде ақымақ болғаным. Бірақ мен бір нәрсені анық білемін: егер мен бір кезде соттың алдында тұратын болсам және маған сен айтқан қатерлердің бірі төніп тұрса, онда мені айыптаушының, шындығында, алаяқ болғаны – бір де бір адал адам жазықсыз жанды сотқа тартпайды – олай болғанда өлім жазасына кесілгенімді еститініме таң қалмасам керек» [1, 367].

Арсыз, алаяқ, дүниеқұмар, билікқұмар бидің билік шешімі әділетсіз болады, оның билігінен адал адам жазықсыз жапа шегеді, адалдан арам озады. Мұндай жағдай белең алатын болса, қара халық биден де, биліктен де зәбір көреді, әділеттің аулын іздеп таба алмай, әлеуметтік ортадан, қоғамнан жаттанады. Қоғамда мұндай ахуалдың қалыптасуына мұрындық болған би де, шешен де айналасына зұлымдық шашады. Адалдықтан,

әділеттіліктен тайған шешеннің өзі де, сөзі де, ісі де адамның, қоғамның, мемлекеттің дұшпаны. Шешен, шешендік өнер әділеттілікті, адалдықты ардақтап, әділетсіздік пен арамдықтың, арсыздық пен алаяқтықтың тамырына балта шабуы қажет. Сонда ғана ол қоғамдық, мемлекеттік басқару өнері, ал шешен қоғам және мемлекет қайраткері бола алмақ. Шешен мен шешендік өнер туралы ерте дәуір данышпандарының мұндай биік көзқарасының қоғамдық сананы дамытудағы маңызы өте жоғары болды.

Шешендік өнердің қызметі шешен мен адамдар арасындағы қатынас аясында жүзеге асатынын, ел басқару ісінде пайдасы зор өнер екендігін Платон жоққа шығармайды. Ол Сократтың сөзі арқылы шешендік өнермен, ел басқару ісімен айналысудан бұрын кісінің адамшылық қасиеті толық болуы қажет екендігі туралы қағиданы ұстанады. Сократ, Платон ұстанған осы қағиданың желісі Аристотель, әл-Фараби, Ибн Сина, Абай еңбектерінде де үзілмейді.

Шешендік өнерді өнердің басқа түрлерімен тең дәрежеде қабылдап, бағалауға болмайды. Әл-Фарабидің пайымдауынша, шешендік өнер (риторика) силлогистикалық өнер болып табылады [3, 441]. Шешендік өнердің түпкі мақсаты – сендіру. Бұл мақсатқа жетудің жолы – дәлелдеу әдісі. Белгілі бір құбылыстың белгілі бір қасиетінің бар немесе жоқ екенін дәлелдеу – ғылым салаларының бәріне ортақ әдіс. Бірақ әр ғылымның өз зерттеу пәні болады және әр ғылым өз зерттеу пәні шегіндегі құбылыстың белгілі бір қасиетінің белгілі бір күйін анықтап, дәлелдейді. Олардың дәлелдеу әдісі өздерінің зерттеу пәнінің шегінен тыс құбылыстардың қасиеттерін анықтауға дәрменсіз. Шешендік өнердің тек өзіне ғана тән жеке-дара пәні жоқ, оның дәлелдеу әдісі ғылым мен өнер салаларының бәріне ортақ құбылыстардың мәнін қамтиды және «он түрлі тектің» (субстанция, сан, сапа, мезгіл, мекен, т.б.) бәрінде де иландыра алады [3, 441]. Осы әдіс өрісінде белгілі бір құбылыстың белгілі бір күйі туралы түсініктер туады, өз кезегінде осы түсініктер туралы пікірлер қалыптасады. Сонымен қатар белгілі бір құбылыс немесе оның белгілі бір күйі туралы түсініктер мен пікірлер негізінде шынайы білімге қол жетеді. Өнер мен ғылымның басқа түрлерінде белгілі бір құбылыс немесе оның белгілі бір күйі туралы түсінікке, болжамға, пікірге қол жеткенмен, шешендік өнерде болатын шынайы білімге жету мүмкін емес [3, 468-469].

Шешендік өнердің басты құралы – сөз. Бұл ретте шешендік өнер сөз өнерінің үлгісіне жа-

тады. Сөз өнеріне тән ерекшеліктер түгелімен шешендік өнерге де тән. Бірақ шешендік өнерге тән ерекшеліктердің бәрі сөз өнеріне де тән бола алмайды. Мысалы, шешендік өнердің басты бір ерекшелігі белгілі бір жайдың, пікірдің дұрыстығын немесе бұрыстығын дәлелдеуде, жұртты соған иландыруда, сендіруде, көндіруде болса, сөз өнерінің тегі мен түрінің тиісті үлгілерінен (эпикалық, лирикалық, драмалақ) мұны талап етуге болмайды. Өнер туындыларында өмірдің шындық құбылыстарының белгілі бір қырлары суреттеледі, ал ғылымда өмір құбылыстарының белгілі бір қасиеттері аныкталады, дәлелденеді. Өнер қабылдаушының сезіміне әсер ететін болса, ғылым ақыл-ойға әсер етеді. Шешендік өнер өмірдің шындық құбылыстарының белгілі бір қырларын суреттеп, бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар олардың белгілі бір қасиеттерін анықтап, дәлелдейді, қабылдаушының сезімі мен ақыл-ойына бірдей әсер етеді. Негізгі сөз өнерімен тектес бола тұра, шешендік өнер белгілі бір әлеуметтік ортада қалыптасқан жағдайға байланысты көптің алдында белгілі бір даулы мәселе шегінде қарама-қарсы тараптардың сөзін ұстаған билердің, шешендердің дауласқан айтысы, таласы үстінде туады. Бұл ретте оның құралы сөз ғана емес, түр мен түс, іс пен қимыл, үн, айғақ (зат, нәрсе), куә (адам), т.б. – бәрі тұтасып, біртұтас құрал қызметін атқарады. Шешендік өнердегі құрал, амал белгілі бір мақсат жолында тұтасып, бидің әділетті шешім қабылдауына және сол шешімнің әділеттілігіне жұртты иландыруына қызмет етеді. Бұл оңай міндет емес.

Билік шешімнің тура болмай шығуының мысалы ерте замандардың өзінде орын алған. Оның себептері түрліше. Солардың бірі – Сократты өлім жазасына кесу туралы билік шешім. Бұл шешімнің бұрыстығын, тура еместігін, әділетті болмағанын Сократтың замандастары да, одан беріде қазақтың Абайы да көрсеткен. Әділетке жат билік шешім қабылдаудың себептері түрліше. Бидің, шешеннің шешімінің тура болмай шығуының басты деген себептерін әл-Фараби мынадай жағдайлармен байланысты түсіндіреді: салғырттық; ойлаудағы шорқақтық; терең ойламау; тұрмыс жағдайының кедергі болуы; әдіс-тәсіл тандаудағы қателік; ақыл-ой таяздығы [3, 448]. Осы көрсетілген себептердің салдарға айналуына, салдардың себепке айналуына айғақ болатын жағдайлар да болады.

Халық шешендік өнерді өнер біткеннің алды деп білгенде, оның әділет пен рақымға негізделген байырғы болмысын, ілкі сипатын, күрделілігімен, қиындығымен қатар тұрмыс-тіршілік-

тегі өмірлік мәнін, игілікті қоғамдық-әлеуметтік қызметін, нақты пайдасын, қажеттілігін ескерген. Халық қай кезең, қай дәуірде де ақты қарадан, жақсылықты жамандықтан ажырата білген, қара қылды қақ жарған би мен билікке, билік сөзге зәру болған. Ел мүддесін, мемлекет мүддесін өз қарақан басының мүддесінен жоғары қойған, пайда ойламай, ар ойлаған би өз заманының қоғамдық санасының дамуына өлшеусіз зор еңбек сіңірген. Халық мұндай бидің билігінің негізі ақылда, адалдықта, ниеттің ізгілігінде деп білген. Егер би немесе шешен қате ойда болса, онда бұл ақылдың кемістігінен туады. Егер ол дұрыс ойда болып, сөйлеуге келгенде ақиқат шындықты айтпай, басқа бірдеңені айтар болса, онда бұл оның адалдығына сын болады. Егер би ақылды, адал бола тұра ақыл мен ардың дегенін айтпай қалса, онда оның ниетінің дұрыс болмағаны. Мұндай бидің билігі елдің ынтымағы мен бірлігін бұзады, мемлекеттің бетіне шіркеу болады, қоғамдық санаға іріткі салады.

Билер дәуірінде басына іс түскен кісі өзінің мүддесін қорғау үшін ақылы толысқан, адал және өзіне ниеті дұрыс шешенге (биге) жүгінген. Дәстүрлі қазақ қоғамында осы көрсетілген талаптарға сай сөзді елдің тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін терең білген және білгенін ақиқаттан аттамай, әділеттен таймай, көпшіліктің, халықтың игілігіне жұмсаған от ауызды, орақ тілді шешен ғана айта алды, халықтың қалауымен билік айту құқығына да сол ие болды.

Аристотель «Риторика» атты еңбегінде шешендік өнердің табиғатын, тегі мен түрін, пәнін, мақсатын, мақсатына жетудің әдістері мен тәсілдерін және басқа ерекшеліктерін мүмкіндігінше толық сипаттап берді. М.Т. Цицерон шешендік өнерді дүниедегі ең қиын нәрсе деп білді. Оның себебі, М.Т. Цицеронның ойынша, шешендік өнердің құрамдас бес бөліктен тұратынында, ал сол бес бөліктің әрқайсысы өз алдына бөлек бір-бір ұлы өнер екенінде. Бес ұлы өнердің қасиеттерінің бір өнердің бойында жинақталуы қандай ғаламат қуат және қандай күрделі болмыс екенін көзге елестетудің өзі оңай емес [4, 260]. Шешендік – өнердің бар түрімен, білім мен ғылымның бар саласымен сабақтасып жатқан күрделі және солардың бәрінің үстінде тұрған көп қырлы, синкретті өнер. Шешен өз өнерімен осы көпқырлы, көп салалы өмір құбылыстары әлеміндегі (табиғатта, қоғамда, материалдық өмірде, рухани өмірде) жүйе мен жүйесіздік, тұрақтылық пен тұрақсыздық, теңдік пен теңсіздік арасындағы қатынастар сырын, олардың жалпы сипаты мен

ерекшеліктерін, бір күйден екінші күйге ауысу, өзара тоғысу, даралану заңдылықтарын саралау арқылы жақсылық пен жамандықтың, әділеттілік пен әділетсіздіктің, шын мен өтіріктің арасын ашады. Бұл ретте шешендік өнер өз алдына бір күрделі, құрамдас бөліктері мол біртұтас жүйенің көрінісі екені белгілі болады. Оның мәні өте тереңде. Шешендік өнерде көрініс табатын шындық құбылыстардың жүйесінде тұрақтылық пен тұрақсыздық, теңдік пен теңсіздік, қайшылық пен үндестік өзара сапырылысып, бір қалыптан екінші қалыпқа ауысып жатқан бейберекет, аласапыран күй бар сияқты көрінетіні рас. Бұл күй осы қалпында қалмайды, жүйелі, жарасымды, үйлесімді қалып табады. Болмыстағы осы бейберекет, аласапыран күйдің ретке түсуін және мұның алуан түрлі жолдарын зерттеушілер күрделі тұтастықтың өзінен-өзі ұйып, жөнін, жүйесін табуы ретінде сипаттайды. Болмыстың осы күйі шешендік өнерде де көрініс табады. Сондықтан оны бір ғылым емес, бірнеше ғылым салаларының тоғысында, пәнаралық деңгейде, фракталдық ұстаным негізінде пайымдауға тура келеді. Шешеннің сөзінің құрамдас бөліктерінің әрқайсысы ол саралап, сараптап отырған болмыстағы белгілі бір істің, оқиғаның, құбылыстың белгілі бір жағдайдағы және белгілі бір сәттегі бір үзік күйіне сәйкес келеді. Оның алдыңғы және кейінгі күйлері, өзгеру, қалыптасу сатылары болады. Шешен алдына қойған мақсатына даулы жайдың осындай қалыптары мен күйлерін өзара тығыз байланыста, сабақтастықта саралай отырып, оның жөнге, жүйеге түсетін, шынайы қалпын табатын жолдарын анықтау арқылы ғана жетеді.

Шешендік өнер тек қана өнер түрлерімен ғана емес, ғылым салаларымен де тығыз байланысты. Жан-жақты, негізі берік білім мен ғылым жоқ жерде шешендік өнер де болмақ емес. Шешендік өнер ғылым емес, бірақ шешендік өнер туындысының мәні білім мен ғылымға негізделеді. Бұл жерде, әрине, бірінші кезекте сөз өнері туралы ғылымды атау дұрыс. Сонымен қатар мынадай гуманитарлық және қоғамдық ғылым салаларын арнайы көрсету қажет: тарих, этнология, мәдениеттану, әлеуметтану, философия, заң, логика, педагогика, психология, т. б. Жаратылыстану ғылымдары заңдылықтарының да пайдасы зор. Аталған ғылым салаларының бәріне ортақ бір ерекшелік бар. Ол – белгілі бір құбылыстың бар не жоқ екенін, оның болмысының оң немесе теріс екенін дәлелдеу. Өнер түрлерінің бәрі өмірдегі белгілі бір шындық құбылысты сипаттап, көзге көрсетуді, көңілге ұялатуды мақсат етеді. Бұл шешендік өнерге де тән екені